

Бекітемін:

2020 жылдың «28» тамыз
айында №4 педагогикалық
кеңесте бекітілген

б/б меңгерушісі:


Барлыбаева Қарлығаш

**«Орынқыз-Ана» бөбекжай балабақшасының 2020-2021 жылдарға арналған
жылдық жоспары**

Атамекен а/о. Қоғалы елді мекені. 2020-2021 оқу жылы

Балабақшаның білім беру – тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру, қашықтықтан оқыту форматындағы сабақтарды (консультацияларды) ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспарының бөлімдері

Кіріспе бөлімі

- 1.1. Білім беру – тәрбиелеу жұмысының 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспары.
- 1.2. Визит карточкасы
- 1.3. Балабақшаның материалдық – техникалық жағдайы
- 1.4. Балабақшаның 2019-2020 оқу жылының қызметін талдау
- 2.0. 2020-2021 оқу жылындағы педагог кадрлардың сандық және сапалық құрамы
- 2.2 Педагогтарды аттестаттауға дайындау және өткізу жөніндегі перспективалық жоспар
- 2.1 Педагогтардың өздігінен білім алу жөніндегі жұмыс жоспары
- 3.0. Балабақшаның білім беру – тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру, қашықтықтан оқыту форматындағы сабақтарды (консультацияларды) ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың 2020-2021 оқу жылына арналған I жарты жылдық жоспары
- 4.0 Қашықтықтан оқыту форматындағы оқу қызметтерін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларының 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық кестесі.

**1.0 Білім беру – тәрбиелеу жұмысының
2020-2021 оқу жылына арналған 1жарты жылдық жоспары.**

1.1 Визит карточкасы

«Орынқыз-Ана» бөбекжай балабақшасы Жетісай ауданы, Атамекен а.э, Қоғалы елді мекені, Бәйтерек көшесі №4А орналасқан, пайдалануға 2020 жылы берілді. Жаңа ғимаратқа ауысты. Жарамды тұрғын ауданы 1905,6 шаршы метр. Балабақшаның жобалық қуаттылығы 125 бала. Іс жүзінде 50 бала келеді. Ата-аналар мен бөбекжай балабақша әкімшілігі арасында келісім шарт жасалған. Тамақтандыру үшін ата-аналардың топтағы бір күндік төлемі 350 теңге. Оқыту тілі қазақша. Жұмыс режимі 8:00-18:30 сағат. Қазіргі кезде балабақшада 2 топ жұмыс істейді. Әр топтағы тәрбиеленушілердің саны 25-25-бала. Жыл бойы балалардың келуі 100 % құрайды. Бөбекжай балабақша директоры Қ.Қ. Маликова жоғары педагогикалық білімі бар, жоғарғы санатты. Оқу тәрбие процесіне меңгерушісі А.Қ. Барлыбаева басшылық етеді, педагогикалық білімі бар, жоғарғы санатты. Балабақшада медбике, топтар бойынша 14 қызметкер бар.

1.2 Балабақшаның материалдық – техникалық жағдайы

Балабақшада сауықтыру – тәрбиелеу процесін ұйымдастыру мен жүргізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Балабақша жақсы көгалдандырылған, бау-бақшасы, жеміс бағы, гүлзарлар бар.

Балабақшаның аумағы 1905,6 шаршы. Дене шынықтыру бөлмесі, 2 серуендеу учаскесі бар.

Балабақша ғимараты жоба бойынша ынғайластырып салынған, екі қабатты, жарық, су, канализация, қанағаттанарлық жағдайдағы сантехникалық жабдық бар.

Топтық бөлмелер мен жатын бөлмелері бір-бірінен бөлінген. Әр топтың өз кірер есігі бар. Барлық кабинеттер қажетті құрал-жабдықтармен, ойын және оқу дидактикалық материалдарымен жабдықталған.

Заттық-дамытушылық орта ойластырылған. Оқу құралдарының барлық түрлерімен ойыншық түрлері оқыту мен тәрбиелеудің өзгешелігі мен міндеттеріне байланысты оларды қолдану әдістемесін ашады, оларды пайдаланудың вариативтігін көрсетеді

Ас үй-ас әзірлейтін блог сыртта орналасқан. Қажетті жабдықтар жиынтығы (шкафтар- 2 дана, тұрмыстық тоңазытқыш-2 дана, газ плиталары-2 дана, көкөніс кескіш, картоп аршығыш, электрлік су қайнатқыш) бар.

Кір жуатын орын автоматты басқарудағы кір жуу машинасымен, кептіру барабанымен жабдықталған.

Медициналық кабинет жабдықталған, оқшаулайтын және егетін бөлме бар.

Жаңа оқу жылына әдістемелік кабинет көрнекі құралдармен толықтырылды.

1.3 Балабақшаның 2020-2021 оқу жылының қызметін талдау

2020-2021 оқу жылында балабақша қызметінің бағыты жылдық жоспардың міндетіне сәйкес жүзеге асырылды. Педагогикалық ұжым алдында мынадай міндеттер қойылды:

- Балабақшаның барлық қызмет түрлерін біріктіру арқылы тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Жобалардың әдісі мен инновациялық технологияларды қолдана отырып, мектепке дейінгі жастағы балалардың көркемдік-эстетикалық бағыттағы білім беру қызметін жетілдіру;
- Жалпы адамзаттық құндылықтарға тарту арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында отансүйгіштіктің негіздерін қалыптастыру.

2019-2020 оқу жылында педагогикалық ұжым қойылған міндеттерді толық көлемде жүзеге асырды.

Келесі оқу жылына жылдық міндеттерді қабылдау бойынша сауалнама, тестілеу, балабақша педагогтарымен әңгіме өткізілді.

2.0 2020-2021 оқу жылындағы педагог кадрлардың сандық және сапалық құрамы

№	Аты-жөні, әкесінің аты	Атқаратын қызметі	Туған күні, айы, жылы	Қай оқуды бітірді, бітірген жылы, алған	Диплом бойынша мамандығы	Жалпы еңбек өтілі	Санаты	Құрстан Өткен мерзімі	Марапаттары
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Барлыбаева Қарлығаш Аширбековна	менгеруші	13.04.1964	Жетісай гуманитарлық колледж, 1987	Бастауыш сынып мұғалімі және тәрбиеші	21		2021	
2	Мейрбекова Гүлмира Зупаровна	тәрбиеші	03.01.1979	Жетісай гуманитарлық колледж, 2000	Музыка пәнінің мұғалімі	7 жыл			
3	Болғанбаева Салтанат Усербаевна	тәрбиеші	26.05.1990	Академик Ә.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	8 жыл		13.03.2017	

4	Бегалиева Рыскул	Тәрбиеші	02.03.19 84	Джизак мемлекетті к педагогика лық институты	Бастауыш оқыту педагогик асы мен әдістемесі	4 жыл			
-5	Базарбайқызы Орынкул	Тәрбиеші	24.06.19 79	Жетісай гуманитар лық колледж, 2005	Бастауыш сыныптар ды оқыту	1 жыл			

2.1 Педагогтардың өздігінен білім алу жөніндегі жұмыс жоспары

Педагогтың аты- жөні	Өздігінен білім алу жөніндегі тақырыбы	Жұмыстың қорытындысы	Орындалу мерзімдері
	Балалардың табиғаттағы еңбек тәрбиесі		
	Балалардың адамгершілік тәрбиесіндегі мақал- мәтелдердің рөлі		
	Ерте жастағы балаларға дидактикалық ойындар		
	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың эксперименталдық қызметі қоршаған әлемді тану құралы ретінде		

2.2 Педагогтарды аттестатауға дайындау және өткізу жөніндегі перспективалық жоспар

№	Т.А. Ә	Туылған күні	Лауазымы	Қолданыстағы санаты	Аттестаттаудан өткен күні	Аттестаттаудан өту жоспарланған күні	Курстардан өту күні

Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы
2020/2021 оқу жылында 2 топ жұмыс істеді.

Топ	Жасы	Топ саны	Балалар саны
Кіші топ	2 жас	1	25
Ортаңғы топ	3 жас	1	25
Барлығы			50

Балабақша жұмысы нәтижесінің маңызды көрсеткіші балалардың денсаулығы болып табылады. Балабақшадағы денсаулық сақтаушы педагогикалық процесс балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік есен-саулығына бағытталған.

Балабақшадағы сауықтыру қызметінің негізгі бағыттары:

- Санитариялық-эпидемиологиялық режимді ұйымдастыру және балалардың өмір тіршілігінің гигиеналық жағдайларын жасау.

- Саламатты үйлестірілген тамактануды ұйымдастыру.
- Балабақшада болу кезіндегі балалардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- Балалармен және қызметкерлермен емдік-профилактикалық жұмысты ұйымдастыру.
- Балалардың дене тәрбиесі.

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту – балабақша жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Материалдық-техникалық жабдықтау және жабдық, балабақшаның кеңістіктік ортасының ұйымдастырылуы қауіпсіздік техникасының талаптарына, санитариялық-гигиеналық нормаларға, балалардың физиологиясына сай келеді.

Сауықтырудың тиімді нысандары:

- таңғы гимнастика;
- дене шынықтыру минуттары, динамикалық үзілістер;
- күні бойы балалардың қозғалыс белсенділігін жүзеге асыруға арналған жағдайларды қамтамасыз ету;
- дене шынықтыру сабақтары, серуендеу;
- түзету және тыныс алу гимнастикалары;
- спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар.

Бүкіл дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы әр жастағы балаларға арналған қозғалыс режимінің құрылымын ескере отырып құрылады.

Қозғалыс режимінің ұйымдастырылған нысаны дене шынықтыру сабақтары болып табылады. Сабақ өткізу кезінде дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы дәстүрлі де, дәстүрлі емес те нысандарды қолданады: сюжеттік, жаттығу, бақылау, кешендік, ойын-эстафеталары және т. б.

Тыныс алу, релаксация жаттығуларымен белсенді қызметті кезектестіру қағидаты қолданылады.

Бір жыл бойы әртүрлі шынықтыру шаралары қолданылады: жазғы уақыттағы ауа және күн ванналары, қолды шынтаққа дейін жуу, балаларды таза ауада таңғы қабылдау. Шынықтырумен қатарлас профилактикалық шаралар өткізіледі, ай сайынғы жоспар әзірленеді, оған дәрумендік терапия, әуе ванналары, фитотерапия, топтарды кварцтау, сарымсақ терапиясы, ауыз қуысы мен мұрын қуысын тұзды салқын сумен шаю енеді.

Бүкіл оқу жылы бойында дене тәрбиесінің медициналық бақылауы жүзеге асырылады, оған қозғалыс режимін, сабақты өткізу мен ұйымдастыру әдістемесін, дене жаттығулары мен олардың бала ағзасына әсерін медициналық-педагогикалық бақылау; шынықтыру жүйесінің жүзеге асырылуын бақылау;

- сабақ өткізудің, дене шынықтыру жабдығының, спорттық киімдердің, аяқ киімдердің санитариялық-гигиеналық жай-күйін бақылау;
- балабақша педагогтары мен ата-аналары арасында мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі мәселелері бойынша санитариялық-ағартушылық жұмыс кіреді.

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған барлық күш-жігер тәрбиеленушілердің ата-аналарының түсіністігі мен қолдауынсыз күтілген нәтижелерге қол жеткізбейді.

Жұмыстың сан алуан нысандары:

- Денсаулық күндері
- Бос уақытты ата-аналардың қатысуымен өткізу, т. б.

Ата-аналар үшін топта Денсаулық бұрышы, «Тыныс алу органдарының асқынған ауру-лары кезіндегі нүктелі массаж», «Дәрісіз денсаулық» жылжымалы папкалары безендірілген,

«Балаларды балабақша жағдайына бейімдеу», «Үйде және таза ауада ойнаймыз», «Балалардың қауіпсіздігі сіздердің қолдарыңызда» консультациялары өткізілді, т. б.

Балабақшадағы сауықтыру және профилактикалық жұмыс мәселелерін шешу медициналық персоналмен тығыз өзара әрекетсіз мүмкін емес. Тәрбиеленушілер үнемі медбикенің бақылауында болады. Ай сайын тәрбиеленушілердің ауруы мен келуінің тал-дауы жүргізіледі. Көктемде және күзде балалардың денсаулық жағдайының мониторингі жүргізіледі, диагноздары мен денсаулық тобы нақтыланады. Балаларды тамақтандыру тағамдық заттардағы физиологиялық қажеттіліктер негізінде әзірленген, менгеруші бекіткен мәзірге сәйкес жүзеге асырылады.

Жыл сайын денсаулық жағдайының динамикасын бағалау бойынша зерттеу мониторингі өткізіледі.

Балаларды денсаулық тобы бойынша бөлудің салыстырмалы талдауы

Балалардың жасы	I денсаулық тобы, %	II денсаулық тобы, %	III денсаулық тобы, %

Жылдар бойынша салыстырмалы талдау

2016/2017 оқу жылы			2017/2018 оқу жылы		
I денсаулық тобы, %	II денсаулық тобы, %	III денсаулық тобы, %	I денсаулық тобы, %	II денсаулық тобы, %	III денсаулық тобы, %

Жалпы аурушандық пен балалардың келу көрсеткіштері

	Мектепке дейінгі жас
--	----------------------

№	Көрсеткіштер	2016/2017	2017/2018
1	Орташа тізімді құрамы	__ бала	__ бала
2	Ауру бойынша қалғандар саны		
3	Бір баланың қалу саны		
4	Аурушандық жағдайларының саны		
5	Бір баланың жағдайының саны		
6	Жиі ауыратын балалар		

Балалардағы созылмалы аурулардың көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	2016/2017	2017/2018
1	Тыныс алу органдары		
2	Лор-органдар		
3	Ас қорыту органдары		
4	Несеп-жыныс жүйесі		
5	Тері аурулары		

Ата-аналармен жұмыс

Балабақшада ата-аналарды балабақшаның білім беру қызметіне белсенді түрде тарту үшін жағдай жасалған.

Отбасымен жұмыс бірнеше бағыттар бойынша құрылады:

- тәрбиеленушілердің отбасын зерттеу;
- ата-аналар арасында жоспарлы, белсенді түрде педагогикалық білімді тарату;
- отбасына бала тәрбиесінде тәжірибелік көмек көрсету;
- қоғамдық және отбасылық тәрбиенің оң тәжірибесін насихаттауды ұйымдастыру;
- ата-аналарды педагогикалық қызметке тарту.

Бұл ата-аналарға балаларды мектепке дайындау мәселесінде олардың психологиялық және педагогикалық білімдерін арттыруға көмектеседі.

Осылайша, жұмыс халық пен педагогикалық процестің барлық қатысушыларының тығыз өзара әрекетіне құрылады, бұл бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз етеді және мектепке дейінгі жастағы баланың жан-жақты дамуы үшін жағдай туғызады.

**Балабақшаның білім беру-тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын
жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары**

Әрекет түрі	Жауаптылар
1	2
Қыркүйек	
Кадрлармен жұмыс	
Еңбекті қорғау және балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі ағымдағы нұсқамалар	ӘШБ жөніндегі орынбасар

1	2
Жас маман мектебі: – жас мамандарға көмек көрсету жоспарын жасау; – мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие бағдарламалары бойынша жас мамандарға кеңес беру	Әдіскер
Аттестаттау кестесін, аттестаттау жөніндегі жұмыс жоспарын құру	Әдіскер
Қызметкерлермен «Лауазымдық нұсқаулықтар» атты нұсқама жүргізу	Меңгеруші,
Ыдыс-аяқты тазарту, ішкі киімді ауыстыру, т. б.	Медбике
«Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы» өндірістік жиналыс	Әкімшілік
Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс	
Педагогикалық кеңеске дайындық	
Өз жас топтары бойынша бағдарламаларды оқып-үйрену	Топ тәрбиешілері
Топтарда құжаттамаларды әзірлеу және ресімдеу	Топ тәрбиешілері
Мерзімдік басылымдардағы жаңалықтармен және әдістемелік нұсқаулықпен танысу	Әдіскер
Педкеңеске көрнекі ақпаратты дайындау	Әдіскер
«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» байқау-конкурсы	Тәрбиешілер
Педкеңесте ашық сабақтар өткізу	Топ тәрбиешілері
№ 1 педагогикалық кеңес «20 20 /20 21__ оқу жылына арналған жұмыс перспективалары» Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысты талдау. Педагогикалық ұжымның балабақшаның 2020 /2021 оқу жылына арналған жылдық жоспарымен танысуы. Балабақша жұмысында пайдаланылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесінің аңдатпасы және оны бекіту. Жылдық жоспарды, сабақ кестесін бекіту. Тәрбиешілер үшін «Балаларды балабақша жағдайына бейімдеу» консультациясы	Әдіскер
Білім күніне арналған мереке	Тәрбиешілер

1	2
Оқу жылының басына балаларды бірінші рет диагностикалау	Тәрбиешілер
Бақылау және басшылық	
Топтық үй-жайларды (дербес) эстетикалық тұрғыда безендіру	Әдіскер
Ішкі тәртіп ережелерін сақтау	Менгеруші
Топтық учаскелердің жағдайы	Әдіскер
Топ құжаттамаларын ресімдеу сапасын тексеру	Әдіскер
Салалық мамандардың құжаттамасын жүргізу	Әдіскер
Тамақтануды ұйымдастыру	мейірбике
Ата-аналармен және әлеуметпен жұмыс	
Баланың денсаулық паспортын, баланың әлеуметтік картасы ата-аналар туралы мәліметтерді ресімдеу	Топ тәрбиешілері
Жалпы ата-аналар жиналысын және топтық жиналыстар өткізу	топ тәрбиешілері
Ата-аналар комитеті жұмысының жоспарын жасау	Топ тәрбиешілері
Ата-аналармен шарт жасасу	Менгеруші
Әкімшілік-шаруашылық жұмыс	
Аумақты абаттандыру жөніндегі жұмыс	Шаруашылық менгерушісі
Жиһаз танбалауды және топтарға жиһаз іріктеуді саралау	Медбике
МДҰ-ның жаңа оқу жылына дайындығы бойынша жедел кеңес	Менгеруші
Сайтты аптасына 2 рет жанарту	Сайт әкімшісі
Қазан	
Кадрлармен жұмыс	
МДҰ топтарын қысқа дайындау, терезелерді желімдеу, аумақты тазалау	Шаруашылық менгерушісі
Ас үйдегі қауіпсіздік техникасы, электр құралдарымен жұмыс, кір жуатын орында, электр машиналарымен жұмыс	Шаруашылық менгерушісі
Материалдарды аттестаттауға дайындау жөнінде тәрбиешілерге көмек	Әдіскер
Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс	
№ 2 педкеңеске дайындық «Балабақша және отбасы: өзара әрекеттесу аспектілері»	Әдіскер

1	2
Ата-аналармен өзара әрекет жөніндегі жұмыс жүйесі: – «Ата-аналарға арналған үздік ақпараттық орталық» байқау-конкурсы; – Кіші Ақкөгершін топта «Мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың сөйлеуін дамыту» атты ата-аналар жиналысы; – Кіші Ақкөгершін топта «Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды дербестікке тәрбиелеу» атты ата- аналар жиналысы; «Ата-аналармен жұмыс» жалпы жиналысы	Тәрбиешілер
Ата-аналар үшін «Ертегі көмек беруге асығады» шеберлік сабағы	Тәрбиеші
«Табиғат сыйлары» жәрмеңкесі. «Күзгі гүл шоғы» балалар суреттерінің көрмесі	Тәрбиеші
Барлық жас топтарында күзгі тақырыптық ойын-сауық	Тәрбиеші
Бақылау және басшылық	
Ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру (тақырыптық)	Әдіскер
Тамақтануды ұйымдастыру (оперативті)	мейірбике
Ата-аналармен және әлеуметпен жұмыс	
«Табиғат сыйлары» жәрмеңкесіне қатысу	топ тәрбиешілері
«Балаларды тәрбиелеудегі этикеттің рөлі» тақырыбында ата-аналармен кездесу	Тәрбиешілері
Әкімшілік-шаруашылық жұмыс	
Біліктілікті арттыру курстарына өтінім беру	Меңгеруші
Топтардың санитариялық жағдайын тексеру бойынша рейд	Медбике, әдіскер
МДҰ-ғы мүліктерді түгендеу. Арзан және құнды мүліктерді шығысқа шығару	Шаруашылық меңгерушісі
Сайтты аптасына 2 рет жанарту	Сайт әкімшісі
Қараша	
Кадрлармен жұмыс	
Ата-аналардың төлемді уақтылы төлеуін, тәрбиеленушілер мен жұмыскерлердің аурушандық деңгейін үнемі бақылау	Меңгеруші
Топтардың санитариялық жағдайы	Медбике
Аттестаттау жөніндегі материалдарды дайындауда тәрбиешілерге көмектесу	Әдіскер
Тәрбиешілердің өз білімін жетілдіру бойынша жұмысы	Әдіскер, тәрбиешілер
Педкеңесте ашық сабақтар өткізу	Топ тәрбиешілері

1	2
№ 2 педкеңес «Балабақша және отбасы: өзара әрекеттаспектілері» Әдіскердің кіріспе сөзі. «Қазына іздеу» психологиялық тренингі. «Педагогтың ата-аналармен тіл табысу деңгейін бағалау» психологиялық тренингі. Ата-аналарды топ өміріне тарту. «Өзімді өте мақтан тұтамын» психологиялық ширатуы. «Дана ойлар парағы» (үй тапсырмасы). Педкеңестің шешімі	Әдіскер, тәрбиеші,
Бақылау және басшылық	
Оқу жүктемесінің сақталуы (ескерту)	Әдіскер
Тамақтануды ұйымдастыру, үстел басындағы мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу (оперативті)	мейірбике
кіші және орта топтарда мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (оперативті)	Әдіскер мейірбике
Ата-аналармен және әлеуметпен жұмыс	
«Бақытты отбасы – бақытты балалар» атты ата-аналармен психологиялық-профилактикалық кездесу	Тәрбиешілер
«Күзде қонақта» фотокөрмесі (күзгі мерекелер парақшасы бойынша)	Топ тәрбиешілері
Әкімшілік-шаруашылық жұмыс	
ТЖА мен тұмау бойынша профилактикалық шаралар жоспарын әзірлеу	Медбике
Жаңажылдық безендіру	Шаруашылық меңгерушісі
Топтардың санитариялық жағдайын тексеру бойынша рейд	Медбике, әдіскер
Сайтты аптасына 2 рет жаңарту	Сайт әкімшісі
Желтоқсан	
Кадрлармен жұмыс	
Жаңажылдық шыршаны өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы	Шаруашылық меңгерушісі
Жаңажылдық мерекелерді өткізу бойынша консультация	Тәрбиешілер
«Қызметкерлер үшін жаңажылдық сыйлықтар мен мерекелеу туралы» кәсіподақ жиналысы	КК төрағасы
Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс	
№ 3 педкеңеске дайындық «Балабақшада театр-ойын-сауық әрекетін ұйымдастыру»	

1	2
«Жаңа жыл есік қағып тұр» (топтардағы үздік безендіру) конкурсы	топ тәрбиешілері
Бақылау және басшылық	
Режимдік сәттерді ұйымдастыру (оперативті)	Әдіскер
Сабақты ұйымдастыру кезіндегі гигиеналық талаптардың орындалуы	Медбике
Барлық жас топтарындағы құжаттаманың жай-күйі (оперативті)	Әдіскер
Жаңажылдық мерекелерді өткізу кезінде (ескерту) өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау	Шаруашылық меңгерушісі
Ата-аналармен және әлеуметпен жұмыс	
«Аяз Ата – 2021 шеберханасы» жаңажылдық қолдан жасалған бұйымдардың шығармашылық конкурсы, ата-аналармен бірлескен жұмыс	Топ тәрбиешілері, ата-аналар
Ата-аналардың жаңажылдық ертенгіліктерге қатысуы	
«Балабақшадағы денсаулық және дене тәрбиесі» консультациясы	Медбике
«МДҰ-ғы эстетикалық тәрбие» консультациясы	Тәрбиеші
Әкімшілік-шаруашылық жұмыс	
Жаңажылдық мерекелерді өткізуге дайындық (безендіру, сатып алу, шырша орнату, т. б.)	Шаруашылық меңгерушісі
Топтар бойынша ЕҚ жөніндегі комиссияның рейді	
Ас әзірлейтін блок, кір жуу орындары бойынша ЕҚ жөніндегі комиссияның рейді	
Демалыс кестесін құру. Еңбек кітапшалары мен жеке істерін қарау	Хатшы-іс жүргізуші
Сайтты аптасына 2 рет жаңарту	Сайт әкімшісі
Қаңтар	
Кадрлармен жұмыс	
Жарты жыл ішіндегі балабақша жұмысының қорытындысын шығару (өндірістік жиналыс)	Меңгеруші
Шаруашылық істерін талдау	Шаруашылық меңгерушісі
ЕҚ және ҚТ бойынша қызметкерлердің білімін тексеру	
Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтар бойынша қызметкерлердің білімін тексеру, төтенше жағдайлардағы персоналдың әрекеті	

II тоқсандағы балалардың даму мониторингі	топ тәрбиешілері
Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс	
«Театр-ойын қызметі процесінде тұлғаның креативті қасиеттерін қалыптастыру» консультациясы	Тәрбиешілер
Театр бұрыштарының байқау-конкурсы	Топ тәрбиешілері
Бақылау және басшылық	
Топта ұйқыны ұйымдастыру (оперативті)	Медбике

1	2
Серуенді ұйымдастыру (оперативті)	Менгеруші
Ас ішу мәдениеті	мейірбике
Мектепке дейінгі оқушылармен театр-ойын қызметін ұйымдастыру (тақырыптық)	Әдіскер
Ата-аналармен және әлеуметпен жұмыс	
«Театрландырылған ойындардың пайдасы» консультациясы	Топ тәрбиешілері
Әкімшілік-шаруашылық жұмыс	
Қаңтардағы аурушандық жағдайын талдау	Медбике
Тексеру актісін құра отырып, ғимаратты, аумақты, шатырды, қоршаудың жай-күйін жалпы техникалық байқау	Менгеруші, Шаруашылық менгерушісі
Өндірістік және тұрмыстық үй-жайлардың жай-күйін тексеру, бастапқы көмек дәрі қобдишасының болуы және жай-күйі	Шаруашылық менгерушісі
Сайтты аптасына 2 рет жаңарту	Сайт әкімшісі
Ақпан	
Кадрлармен жұмыс	
Қызмет көрсетуші персоналға арналған «Үй-жайдың санитариялық күтіміне қойылатын талаптар және дезинфекциялау» консультациясы	Медбике
МДҰ-ғы эпидемиологиялық жағымсыздық кезеңіндегі тұмаудың алдын алу – нұсқама	Медбике
Педкеңесте ашық сабақтар өткізу	Топ тәрбиешілері
Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс	
№ 3 педкеңес «Балабақшада театр-ойын-сауық әрекетін ұйымдастыру» Жеңімпаздарды марапаттау.	Әдіскер
Бақылау және басшылық	
Барлық білім беру салалары бойынша кешенді-тақырыптық жоспарлаудың жағдайы (оперативті)	Әдіскер

1	2
Ата-аналармен және әлеуметпен жұмыс	
Ата-аналар үшін консультациялық пункттің жұмысы (сауал бойынша)	әдіскер
Әкімшілік-шаруашылық жұмыс	
Гүл көшеттерін отырғызу үшін тұқым сатып алу	Менгеруші
II тоқсандағы аурушандықты талдау	Медбике
Топтар бойынша ЕҚ жөніндегі комиссияның рейді	Шаруашылық менгерушісі
Сайтты аптасына 2 рет жаңарту	Сайт әкімшісі
Наурыз	
Кадрлармен жұмыс	
Топтардың санитариялық жағдайы – өзара тексеру	Медбике
Халықаралық Әйелдер күнін мерекелеу	КК төрағасы
Ішкі еңбек тәртібінің ережелері туралы	Менгеруші
Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс	
«Анашым менің» көркем-колданбалы шығармашылық конкурсы	топ тәрбиешілері,
«Қош келдің, Наурыз!» мерекесіне дайындық және өткізу	
Педагогтар үшін «Ата-аналар мен МДҰ арасындағы түсіністіккөпірі» семинар-практикумы	Тәрбиешілер
Бақылау және басшылық	
Серуенді ұйымдастыру (оперативті)	Әдіскер
Күні бойғы қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру (оперативті)	Педагог-ұйымдастырушы
Тамақтануды ұйымдастыру	Менгеруші
Ата-аналармен және әлеуметпен жұмыс	
Ата-аналарға балалардың агрессивті мінез-құлқын түзету бойынша ұсынымдар	Тәрбиешілер
Әкімшілік-шаруашылық жұмыс	
Тамақтану нормасының орындалуын талдау	мейірбике

1	2
Әкімшілік кеңесінің отырысы: балабақшаның көктемге дайындығы	Менгеруші, Шаруашылық менгерушісі
Сайтты аптасына 2 рет жаңарту	Сайт әкімшісі
Сәуір	
Кадрлармен жұмыс	
«МДҰ учаскесіне қамқорлық. Сенбіліктер. Гүлзарларға арналған көшеттер» өндірістік кеңесі	Менгеруші, Шаруашылық менгерушісі
Топтар бойынша қорытынды сабақтарды өзара қарау	Әдіскер
«Біз өз үйіміздің кіреберісіне ағаш отырғыздық» экологиялық акциясы (МДҰ аумағында ағаштарды, бұталарды, гүлдерді бірлесе отырғызу)	Әдіскер
Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс	
№ 4 қорытынды педкеңеске дайындық	Әдіскер
«Бірге жасаймыз» іскери ойыны	Әдіскер
«Қырмызы көктем» атты балалар суреттерінің көрмесі	топ тәрбиешілері
Бақылау және басшылық	
Дайындық тобы тәрбиеленушілерін мектептегі оқытуға дайындау (жаппай)	Әдіскер
Жайма материалдың мазмұны	Тәрбиешілер
Ата-аналармен және әлеуметпен жұмыс	
Болашақтағы оқу жылына ата-аналардың сауалдарын анықтау (сауалнама)	Тәрбиешілер
«Баланың мектепке дайындығы» консультациялары	Тәрбиешілер
Әкімшілік-шаруашылық жұмыс	
Аумақты абаттандыру жөніндегі жұмыс	Шаруашылық менгерушісі
МДҰ-ғы тамақтануды талдау қорытындысы бойынша жедел кеңес	мейірбике
Сайтты аптасына 2 рет жаңарту	Сайт әкімшісі
Мамыр	
Кадрлармен жұмыс	
Жазғы-сауықтыру жұмысына қатысты нұсқамалар өткізу	Әдіскер

Балаларды мектепке шығарып салуды ұйымдастыру	Тәрбиешілер
Жазғы кезеңде санэпидем режимін сақтау	Медбике

1	2
МДҰ учаскесін көгалдандыру	Шаруашылық меңгерушісі
Ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс	
№ 4 педкеңес «20 20 /20 21 оқу жылындағы балабақша жұмысының нәтижелілігі» Оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалуы туралы. «Біздің табыстарымыз туралы» – топ тәрбиешілері мен мамандарының жыл бойы жүргізген жұмыс жайлы таныстырылымдық есебі. Әдіскердің бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебі. Балалардың аурушандық деңгейін талдау. Жазғы-сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын бекіту. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны бекіту, толықтыру	Меңгеруші, тәрбиешілер, медбике
Бақылау және басшылық	
Серуенді ұйымдастыру (оперативті)	Тәрбиешілер
Гүлзар мен бау-бақшадағы жайма жабдықтардың күтімі	Әдіскер
Ата-аналармен және әлеуметпен жұмыс	
«Бір жыл ішінде сіздермен не істей алдық?» атты жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары	Меңгеруші
Ата-аналар комитетінің отырысы	Тәрбиешілер
Әкімшілік-шаруашылық жұмыс	
Жөндеу жұмыстары үшін материалдар сатып алу	Шаруашылық меңгерушісі
Оқу жылының соңында балалардың денсаулық тобы бойынша талдау жүргізу	Медбике
Сайтты аптасына 2 рет жаңарту	Сайт әкімшісі

2020-2021 оқу жылына арналған жылдық кестесі.

«Қарлығаш» ортаңғы тобының

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒЫН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕСТЕСІ 2020-2021 оқу жылы

(Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі-11, ұзақтығы 15 минут)

Апта күндері	I-III апта	II-VI апта	Білім саласы	Уақыты
Дүйсенбі	1. Математика негіздері 2. Дене шынықтыру	1. Математика негіздері 2. Дене шынықтыру	«Таным» «Денсаулық»	10:00-10:15
Сейсенбі	1. Музыка 2. Сөйлеуді дамыту 3. Сурет салу	1. Музыка 2. Сөйлеуді дамыту 3. Сурет салу	«Шығармашылық» «Қатынас» «Шығармашылық»	10:00-10:15
Сәрсенбі	1. Көркем әдебиет 2. Дене шынықтыру	1. Көркем әдебиет 2. Дене шынықтыру 3. Музыка(0,5)	«Қатынас»/ «Шығармашылық» «Денсаулық»	10:00-10:15
Бейсенбі	1. Қоршаған ортамен таныстыру(0,5) 2. Мүсіндеу(0,5),	1. Құрастыру(0,5) 2. Жапсыру(0,5)	«Әлеумет»/ «Таным» «Шығармашылық»	10:00-10:15
Жұма	1. Жаратылыстану 2. Дене шынықтыру	1. Жаратылыстану 2. Дене шынықтыру	«Таным» «Денсаулық»	10:00-10:15
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	11			
Барлығы	11			

«Ақкөгершін» кіші топ тобының
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒЫН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕСТЕСІ 2020-2021 оқу жылы

Апта күндері	I-III апта	II-VI апта	Білім саласы	Уақыты
Дүйсенбі	1.Дене шынықтыру 2.Сөйлеуді дамыту 0,5	1.Дене шынықтыру 2.Көркем әдебиет 0,5	«Денсаулық» «Қатынас»	10:00-10:10
Сейсенбі	1.Музыка 3.Сурет салу	1.Музыка 3.Сурет салу	«Шығармашылық» «Шығармашылық»	10:00-10:10
Сәрсенбі	1.Көркем әдебиет 2.Дене шынықтыру	1.Көркем әдебиет 2.Дене шынықтыру 3.Музыка(0,5)	«Қатынас»/ «Шығармашылық» «Денсаулық»	10:00-10:10
Бейсенбі	1.Сенсорика (0,5) 2.Мүсіндеу(0,25), 2. Жапсыру (0,25)	1.Құрастыру(0,5) 2. Музыка (0,5)	«Таным» «Шығармашылық»	10:00-10:10
Жұма	1.Жаратылыстану 2.Дене шынықтыру	1.Жаратылыстану 2.Дене шынықтыру	«Таным» «Денсаулық»	10:00-10:10
Ұйымдастырыл ған оқу қызметінің жалпы көлемі	9			
Барлығы	9			

(Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі-9, ұзақтығы 15 минут)